

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 368 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 желтоқсанда № 3947 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 26.04.2017 № 112 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңның 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Айтбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М.Қадырбек

Арыс қаласы әкімдігінің 2016
жылғы "15" желтоқсандағы
№ 368 қаулысына
1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Қала атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
		Республикалық бюджет есебінен	Жергілікті бюджет есебінен
Арыс қаласы	3966	2599	1367

Арыс қаласы әкімдігінің 2016
жылғы "15" желтоқсандағы
№ 368 қаулысына
2-қосымша

Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге				
Балабақша				Мектеп жанындағы шағын орталық
Республикалық бюджет есебінен		Жергілікті бюджет есебінен		Республикалық бюджет есебінен
Ауылдық жерлерде	Қалалық жерлерде	Ауылдық жерлерде	Қалалық жерлерде	14681,8
20212	19712	31507,9	26784,84	

Арыс қаласы әкімдігінің 2016
жылғы "15" желтоқсандағы
№ 368 қаулысына
3-қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін, теңге (көп емес)
	325	372

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.